

Тасарық ауылындағы атауы жоқ көшеге Қанатбаев Шахмаранның атын қою туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Тасарық ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 16 қарашадағы N 11 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 22 желтоқсанда N 10-4-133 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарын басшылыққа ала отырып және ономастика комиссиясының 2010 жылғы 11 маусымдағы N 8 ұйғарымына сәйкес

Ш Е Ш Е М І Н :

1. Тасарық ауылының солтүстік-батыс жағындағы атауы жоқ көше Ұлы Отан соғысына қатысушы Қанатбаев Шахмаран атындағы көше болып аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауға алуды өз міндетіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

Т а с а р ы қ а у ы л д ы қ
Н. Ургенішбай